

Үй жағдайында сенсорлық аймақты қалай құруға және оны дұрыс пайдалануға болады

Кеңестің мақсаты:

Ата-аналарға баланың сенсорлық жүйелерін үйлесімді дамыту үшін үйде сенсорлық аймақты ұйымдастыруға көмектесу.

1. Сенсорлық аймақ деген не және ол не үшін қажет?

Сенсорлық аймақ – бұл баланың әртүрлі сенсорлық жүйелерін: тактильдік, көру, есту, вестибулярлық, проприоцептивтік және иіс сезу жүйелерін ынталандыруға арнайы ұйымдастырылған кеңістік.

Сенсорлық аймақтың пайдасы:

- Барлық сенсорлық жүйелердің дамуына ықпал етеді.
- Мазасыздықты төмендетіп, эмоциялық жай-күйді жақсартады.
- Зейінділік пен шоғырлануды арттырады.
- Гиперсезімталдықты немесе гипосезімталдықты түзетуге көмектеседі.

2. Сенсорлық аймаққа орын қалай таңдалады?

- Тыныш бұрыш: Бөлменің бір бөлігі немесе балкон жарамды.
- Қауіпсіз орта: Өткір бұрыштар мен сынғыш заттар болмауы тиіс.
- Қолжетімділік: Балаға бұл аймақ оңай қолжетімді болуы қажет.
- Жайлылық: Температура мен жарық реттелетін әрі қолайлы болуы керек.

3. Сенсорлық аймақтың мазмұны

1. Тактильдік стимуляторлар:

- Құм, дәнді дақылдар, кинетикалық құм салынған контейнерлер
- Түрлі құрылымды жұмсақ кілемшелер
- Іші толтырылған доптар мен қалташалар



2. Көру стимуляторлары:

- Жарық панельдері немесе шамдар
- Қозғалысты бақылауға арналған айналар
- Калейдоскоптар, жарық жобалар



3. Есту стимуляторлары:

- Музыкалық ойыншықтар
- Шыңылдақтар мен сылдырмақтар
- Дыбыстық панельдер



4. Вестибулярлық стимуляторлар:

- Өткеншектер, гамактар
- Баланс тақтайшалары
- Домалап ойнауға арналған жұмсақ төсеніштер



5. Проприоцептивтік стимуляторлар:

- Сенсорлық кілемшелер мен жолақтар
- Құм салынған қалташалар
- Ауыр салмақты жұмсақ көрпелер



6. Иіс сезу стимуляторлары:

- Лаванда немесе жалбыз иісті ароматерапия шамдары
- Хош иісті жастықшалар



4. Сенсорлық аймақты қалай дұрыс қолдану керек?

- ✓ Тұрақтылық: Күн сайын 10–15 минут осы аймақта болу.
- ✓ Кезектілік: Бала сезімталдық деңгейіне қарай жаттығуларды бірізді ұсыныңыз.
- ✓ Қатысу: Балаңызбен бірге ойнаңыз, заттарды қолданудың жаңа тәсілдерін көрсетіңіз.
- ✓ Бақылау: Балаңыздың әртүрлі стимулдарға реакциясын бақылап, аймақты қажеттілікке сай өзгертіңіз.

5. Қауіпсіздік кеңестері:

- ✓ Бала сенсорлық аймақта болған кезде үнемі бақылауда ұстаңыз.
- ✓ Барлық элементтер қауіпсіз және уытсыз болуы тиіс.
- ✓ Құрал-жабдықтардың дұрыстығын үнемі тексеріп отырыңыз.

6. Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Бала әртүрлі стимулдарға қалай жауап береді?
 2. Қандай сезімдерді қабылдауда қиындық бар?
- Аймақтағы қай элементтер балаға көбірек ұнайды?

Кеңесті дайындаған:
Төлендиева М.А.,
Балтан Л.С.,
дефектолог-мұғалімдер